



ҚР Оқу-ағарту министрлігі
Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы

Қыста оқы, ойлан, арманда!

гайдбук



2025 - 2026 оқу жылы

“

Бекен Ыбырайымның «Аспандағы саяхат» атты ертегі-хикаяты – қиял мен танымды ұштастыратын әсерлі туынды. Шығармадағы қызықты оқиғалар баланың ойлау, қиялдау қабілетін дамытып, әлемді тануға деген құштарлығын арттырады. Балдырған оқырманға арналған тәрбиелік әрі танымдық мәні зор кітап.

“АСПАНДАҒЫ САЯХАТ” Б.ЫБЫРАЙЫМ

> 6 - 11 жас



“

Бұл фантастикалық хикаят оқырманды Жер алты құрлыққа бөлінбеген, Лавразия аталған көне кезеңге жетелейді. Кентаврлар, арахноидтар, скорпионоидтар мен анттар мекендеген бұл әлемде оқиға Кентаврия мен Арахния арасындағы қанды соғыстан басталады. Елдер арасындағы араздықты тоқтатуға ұмтылған кейіпкер жолы – бейбітшілікке бастар рухани сапар. Кітап көпшілік оқырманға арналған.

**“ЗАМАН. КЕНТАВРДЫҢ
БАСЫНАН
КЕШКЕНДЕРІ”
Ә.ШЫҢҒЫСХАН**

> 6 - 11 жас



“

Баянғали Әлімжановтың бұл ертегісі мейірімі мен ақ пейілінің арқасында ертегілер әлеміне жол тапқан қазақ баласы Асқардың таңғажайып оқиғаларын баяндайды. Қариядан балаға айналған Асқар әлем халықтарының әйгілі ертегі кейіпкерлерімен достасып, қазақ ертегілерінің батырларымен бірге шытырман оқиғаларды бастан кешіреді.

“МЕЙІРІМДІ АСҚАР” Б.ӘЛІМЖАНОВ

> 6 - 11 жас



“

«Жасыл сандықша» – балаларға қаржылық сауаттылықты ертегі тілімен үйрететін танымдық жинақ. Кітаптағы қызықты оқиғалар арқылы бала ақша құнын түсінуге, үнемдеуге, дұрыс жоспарлауға және жауапкершілікпен шешім қабылдауға үйренеді. Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, күнделікті өмірде қажет қаржылық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

“ЖАСЫЛ САНДЫҚША”

> 6 - 11 жас




“

Автор табиғат көріністері арқылы адам жанының күйзелісі мен үмітін, рухани арпалысын бейнелеп, оқырманды өмірдің мәні, жалғыздық пен еркіндік, арман мен өткінші бақ туралы ойға жетелейді. Шығармаларға тән сыршыл стиль мен философиялық тереңдік кітаптың көркемдік құнын арттырады.

**“КЕРБҰҒЫ”
О.БӨКЕЙ**

> 12 - 15 жас




“

Төлеген Айбергеновтің отты да өршіл өлеңдері топтастырылған. Ақынның қысқа ғұмырында жазған туындылары туған жерге, табиғатқа, азаматтық рухқа деген шексіз махаббатымен ерекшеленеді. Жырларынан жастықтың жалынды үні, асқақ сезім мен еркін ой айқын сезіліп, оқырманды рухани биікке жетелейді.

“АТАМЕКЕН” Т.АЙБЕРГЕНОВ

> 12 - 15 жас



“

Элия мен Райл әкелерін іздеу барысында тылсым үңгір арқылы шоколадтан жасалған ғажайып Шоко әлеміне тап болады. Әкелерін құтқару үшін Элия мен Райл сиқырға толы, сынаққа толы жолдан өтіп, батылдықы пен бірліктің маңызын дәлелдеуге тиіс. Достық пен жауапкершілікті дәріптейтін шытырман ертегі-хикаят.

**“ШОКО ӘЛЕМ”
Р.САУЫТБАЙ**

> 12 - 15 жас



“

Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» атты прозалық жинағына роман, әңгімелер мен киносценарий енген. Шығармада ХХ ғасырдағы қазақ қоғамының күрделі кезеңдері, ұлттық болмыс, рухани ізденіс пен заманауи ой-толғамдар көркем бейнеленеді. «Темірбек» киносценарийі арқылы қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің тұлғасы мен тағдыры кеңінен суреттеледі.

**“МҰНАРА”
А.КЕМЕЛБАЕВА**

➤ 12 - 15 жас




“

Қалдарбек Найманбаевтың «Алпат» атты жинағына хикаяттар мен әңгімелер енген. Шығармаларда замандас бейнесі, жас ұрпақтың тағдыры, махаббат пен ізгілік, адалдық пен адамгершілік мәселелері көркем суреттеледі. Автордың өмірге сергек көзқарасы мен шынайы баяндау мәнері оқырманды ойландырып, рухани толғанысқа жетелейді.

**“АПТАП”
Қ.НАЙМАНБАЕВ**

> 16 - 18 жас




“

«Өрде» романында Қарағанды қаласы еңбекшілерінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі, халықтар достығы мен жаңа қалыптасқан интеллигенция өкілдерінің бейнесі суреттеледі. Ал «Арна» романында Ертіс-Қарағанды каналының құрылысына қатысқан жұмысшылар, инженерлер мен су мамандарының қажырлы еңбегі, адамгершілік қасиеттері мен достық қарым-қатынастары шынайы бейнеленген.

**“ӨСИЕТ”
Қ.ИСАБАЕВ**

> 16 - 18 жас



“

Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, халық батыры Б.Момышұлының өмір жолын арқау еткен роман-диалог. Шығармада батырдың балалық шағынан бастап, соғыс жылдарындағы ерлігі, адамдық болмысы мен рухани тұлғасы шынайы әңгіме өрнегі арқылы ашылады. Кітап ерлік, отансүйгіштік пен азаматтық ұстанымды дәріптейтін тағылымды туынды ретінде оқырманды терең ойға жетелейді.

**“АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ”
Ә.НҰРШАЙЫҚОВ**

> 16 - 18 жас



“

Дулат Исабеков шығармашылығының өзегі – адам жаны мен оның ішкі әлемі. «Сүйекші» повесінде Тұңғыш бейнесі арқылы диуана, қабір қазушы секілді тағдыр тауқыметін тартқан адамдардың арман-мұраты, жан азабы мен үнсіз трагедиясы ашылады. Туынды оқырманды адам тағдырына бейжай қарамауға, үнсіз жандардың ішкі әлеміне үңілуге жетелейді.

“СҮЙЕКШІ” Д.ИСАБЕКОВ

➤ 16 - 18 жас

